ҚАУЛЫ

2024 жылғы 31 қаңтар №4399-24-00-2а/65 Қызылорда қаласы

Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында:

төрағалық етуші судья М.Н.Текетаев,
судьялар С.Н.Жуынтаева., Е.Б.Турбаев болып,
прокурор Б.Б.Сатбаевтың,
талап қоюшының өкілі Т.Т.Тілектесовтың,
жауапкер өкілі А.К.Мадиевтың қатысуларымен
ашық сот отырысында

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының2023 жылғы 8 желтоқсандағы шешіміне прокурордың келтірген апелляциялық өтінішхаты және талап қоюшының апелляциялық шағымыментүскен,

талап қоюшы «Сырдария аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - талап қоюшы)жауапкер «SCS Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне(бұдан әрі - жауапкер) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және шарт бойынша жұмыстарын аяқтауды міндеттеу туралы талап қоюы бойынша электрондық форматтағы азаматтық ісін қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы жауапкердіңмемлекеттік сатып алу шартындағы міндеттемесін орындамауына байланысты жоғарыдағы талаптармен сотқа жүгінген.

Шағымдалған шешімменталап кою ішінара қанағаттандырылып, жауапкерге 2022 жылғы 9 наурыздағы №12 құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралыүлгілік шарты бойынша (бұдан әрі-Шарт) жұмыстарын аяқтау міндеттеліп, талап қоюдың мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану бөлігі қанағаттандырудан бас тартылған.

Прокурор апелляциялық өтінішхатында жауапкер Шарт бойынша бүгінгі күнге дейін міндеттемелерін орындамай, келісім шарт талаптарын өрескел бұзғандығын және де жауапкер осы күнге дейін бірқатар әлеуметтік маңызды нысандарды орындауды өз міндеттемесіне алып, оны шарттарда көзделген мерзімінде орындамауды жүйелілікке айналдырғанын көрсетіп, сот шешімін өзгертіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Талап қоюшы апелляциялық шағымында бірінші саты соты материалдық және процестік құқық нормаларын елеулі түрде бұзғандығын, істі қарау барысында құрылыстың аяқталу мерзімі өтіп кеткендігіне баға бермегендігін корсетіп, шешімнің жауапкерді мемлекеттік сатып алуға

Құжатқа қол қойылған: Текетаев М.Н., 06.02.2024
Құжатқа қол қойылған: Жуынтаева С.Н., 07.02.2024
Құжатқа қол қойылған: Турбаев Е.Б., 07.02.2024
4399-24-3-2а65

жосықсыз қатысушы деп тану бөлігін қанағаттандырудан бас тартқан бөлігінің күшін жойып, жаңа шешім қабылдауды сұраған.

Апелляциялық саты соты прокурордың сот шешімі өзгертілуге, апелляциялық өтінішхат қанағаттандырылуға жатады деген қорытындысын, тараптардың жауаптарын тыңдап, істегі дәлелдемелерді зерттеп, апелляциялық өтінішхат пен апелляциялық шағым уәждерін талқылап, төмендегі тұжырымға келді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 427-бабының 1-бөлігінің 1) және 4) тармақтарына сәйкес апелляциялық тәртіппен сот шешімін өзгертуге іс үшін маңызы бар мән-жайлар аукымын дұрыс айқындалмауы және материалдық құқық нормаларының дұрыс қолданылмауы негіз болып табылады.

Бірінші саты сотымен осындай бұзушылықтарға жол берілген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-273 баптарына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ЗРК Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Анықталғаны, 2022 жылғы 9 наурызда тараптар арасында №12 Шарт және 2023 жылғы 3 сәуірде қосымша Шарт жасалған, Шарттың 3.1-тармағы және қосымшаларына сәйкес жауапкер 347 610 401,32 теңгеге Шарт қазынашылықбасқармасынатіркелгенненкейін 9 аймерзімде «СырдарияауданыБесарықелдімекеніндегіспорткешеніқұрылысы(кілтімен)» жұмысын орындауға міндеттенген.

Алайда, жауапкер жұмыстарды 2023 жылғы 21 тамызда аяқтауға міндеттенседеШарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті дәрежеде орындамай, құрылыс нысанын аяқтамаған, талап қоюшы сотқа жүгінген сәтте бөлінген қаржының 96 075 897 теңгенің жұмыстары аяқталмаған, құрылыс нысаны тапсырылмаған.

Бірінші саты соты осындай мән-жайларды анықтай тұра, талаптың мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану жөніндегі бөлігін қанағаттандырудан бас тартуын жауапкердің міндетін толық орындауға ниеті болған және орындаудан қасақана жалтармаған, жалпы құрылыс жұмыстары

Scanned with CamScanner

аяқталып, тек ғана спорттық құрал-жабдықтарды жеткізу жұмыстары қалған дегенқате тұжырымдарға негіздеген.

Себебі, аталған мән-жайлар мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танудан бас тартуға негіз бола алмайды, өз кезегінде, АК-тің 8-бабының 5-тармағына сай азаматтар мен заңды тұлғалардың басқа тұлғаға зиян келтіруге, құқықты өзге нысандарда теріс пайдалануға, сондай-ақ құқықты оның мақсатына қайшы келетіндей етіп жүзеге асыруға бағытталған әрекеттеріне жол берілмейді.

Бүгінгі күні Шарт талаптары белгісіз себептермен әлі де болса орындалмаған, міндеттемелерді Шартта көзделген мерзімде орындауға елеулі кедергілер немесе орындауға мүмкін емес ететіндей мән-жайлар орын алмаған, бұл ретте тек ғана өнім берушінің емес, тапсырыс берушінің де құқықтары қорғалуға жататындығы бірінші саты сотының назарынан тыс қалған, деп сот алқасы есептейді.

Өз кезегінде, Шарт талаптарының орындалмауының өзі де жағымсыз салдар болып табылады, өйткені аяқталмаған жұмыстарға қайтадан конкурс жариялау қажет, жаңадан жарияланған конкурс бойынша қорытындысы шығып, аталған жұмыстар аяқталғанға дейін узақ уақыт өтеді, жұмыстардың орындалуы созбалаңға салынған.

Сонымен қатар, «Азаматтық істер бойынша сот шешімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі №5 нормативтік қаулысының 11-тармағына сай шешім істің мән-жайлары туралы болжамдарға негізделуі мүмкін емес.

Алайда, бірінші саты соты өзінің тұжырымдарын тек ғана болжамдарға негіздеген, бұл тұжырымдарды бекітетін нақты дәлелдемелер тараптармен берілмеген және сотпен анықталмаған (нақты қанша және қандай жұмыстар орындалған, қандай жұмыстар аяқталмаған, себептері және т.б.).

Дегенмен, АК-тің 272 және 273-баптарының негізінде бірінші саты соты талап қоюдың Шарт бойынша жұмыстарды аяқтауды міндеттеу туралы бөлігі қанағаттандырылуға жатады деген дұрыс қорытындыға келген.

Істің мұндай тұрғысында сот алқасы сот шешімі өзгертілуге, талап қоюдыңмемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану жөніндегі бөлігі, апелляциялық шағым мен өтінішхат қанағаттандырылуға жатады деп тапты.

АПК-тің 424-бабының 1-бөлігінің 2) тармақшасын, 426, 431, 434-баптарын басшылыққа алып, сот алқасы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Scanned with CamScanner

Құжатқа қол қойылған Текетаев М.Н., 06.02.2024
Құжатқа қол қойылған Жуынтаева С.Н., 07.02.2024
Құжатқа қол қойылған Турбаев Е.Б., 07.02.2024
4399-24-3-2/65

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2023 жылғы 8 желтоқсандағышешімі өзгертілсін.

Сот шешімінің жауапкер «SCS Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танудан бас тартылған бөлігінің күші жойылсын, осы бөлікте жаңа шешім шығарылсын.

Талап қоюшы «Сырдария аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесініңжауапкер «SCS Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «SCS Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «SCS Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне сот шығысы мемлекеттік баж сомасы 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімнің өзге бөлігі өзгеріссіз қалдырылсын.

Қызылорда облысы прокуроры орынбасарының апелляциялық өтінішхаты мен талап қоюшы «Сырдария аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің апелляциялық шағымы қанағаттандырылсын.

Қаулы жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді.

Тараптар мен олардың өкілдері, прокурор Қазақстан Республикасы АПК-нің 434-436, 440, 441-баптарының талаптарын сақтай отырып, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхат, прокурор наразылық беруге құқылы.

Төрағалық етуші М.Текетаев

Судьялар С.Жуынтаева

Е.Турбаев

Көшірмесі дұрыс, судья М.Текетаев